

Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 340 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 2009.09.18. N 193-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 186-баптан қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң темекі бұйымдарын өндіру, сату және тұтыну процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын қорғау мақсатында темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу жөніндегі негізгі шараларды белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңның мақсаттары мен міндеттері

Осы Заңның мақсаттары мен міндеттері:

- 1) халықтың денсаулығын сақтау;
- 2) темекі бұйымдарын сатып алуға құқығы бар адамдар үшін жас шегін енгізу ;
- 3) кәмелетке толмағандар арасында темекі шегушілікті болдырмау;
- 4) темекіні тұтынуға әуестіктің зиянды салдарлары, темекі шегушіліктен туындаған аурулар мен өлім-жітім туралы ақпарат тарату;
- 5) темекі шегушілікке халықтың өмір мен денсаулық үшін аса қауіпті фактор ретіндегі көзқарасын қалыптастыру;
- 6) темекі шегушіліктің таралуының алдын алу жөнінде келісілген іс-шаралар жүргізу болып табылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) хош иістендіруші - темекі бұйымдарына ерекше дәм, иіс немесе хош иіс беру үшін темекіге қосылатын зат;

2) ингредиент - темекіден, судан немесе темекі жапырағынан басқа, өндіріс процесінде не темекіге, не темекі бұйымдарының темекі емес компоненттеріне қосылатын кез келген зат;

3) темекі бұйымдарының маркасы - өндіруші шығаратын темекі бұйымын тұтынушының бірегейлендіре алуы үшін сол өндіруші жиынтығында пайдаланатын тауар таңбасының элементтері;

4) темекі емес компонент - темекі бұйымдарын өндіруде пайдаланылатын қосымша материал (сигарет, папирос, мундштук қағазы, түрлі-түсті баспа бояуы, қағаз шеті тігісінің желімі, фильтр, тығыздап орау қағазы, орауыш қағаз және орауыш бояуы, орауыш (фильтр) желімі);

5) никотин - темекі жапырақтары мен темекі түтінінде болатын никотинді алкалоид;

6) қорап - картоннан немесе қағаздан немесе өзге де материалдан әзірленген, темекі бұйымының белгілі саны бар тұтыну ыдысының бірлігі;

7) өндіруші - Қазақстан Республикасында сату үшін темекі бұйымдарын өндіретін жеке және заңды тұлға;

8) темекі бұйымдары маркасының алуан түрлілігі - өзінің айырымдық ерекшеліктері бар және осы тұрғыдан тұтынушы бірегейлендіретін темекі бұйымдарының бір марка шеңберіндегі өнімдерінің жекелеген түрлері;

9) *а л ы п т а с т а л д ы*

10) сигарет - сигарет қағазын, бүйірін желімдеуге арналған желімді, фильтрді, фильтрдің айналасындағы қағазды қолдана отырып жасалған, толтырылу компоненттері отандық немесе импорттық темекі қоспасы, ингредиенттер, технологиялық қосымшалар және хош иістендірушілер болып табылатын түтікше немесе рулон түріндегі темекі конструкциясы;

11) шайырлы заттар - дымқыл, сусыз, никотині жоқ түтін конденсаты;

12) темекі - темекі бұйымдарын өндіру үшін пайдаланылатын никотині бар ө с і м д і к ;

13) темекі шегушілік - темекі шегушінің организмнің никотинге тәуелденуін тудыратын, оның денсаулығына, сондай-ақ темекі шекпейтіндердің денсаулығына теріс әсер ететін және қоршаған ортаны ластайтын темекі б ұ й ы м ы н т ұ т ы н у п р о ц е с і ;

14) темекі бұйымы - никотині бар фармацевтік өнімдерді қоспағанда, құрамында темекі бар кез келген бұйым;

15) қаптама - белгілі қорап саны бар топтап тұтыну ыдысының бірлігі;

16) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.06.19. N 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен .

3-бап. Қазақстан Республикасының темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы заңдары

1. Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

2-тарау. ТЕМЕКІ ЖӘНЕ ТЕМЕКІ БҰЙЫМДАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен .

4-бап. <*>

Ескерту. 4-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен .

5-бап. Темекі және темекі бұйымдары туралы ақпарат алу құқығы

1. Жеке және заңды тұлғалардың темекі мен темекі бұйымы және темекі шегудің зияны туралы мемлекеттік тілде және орыс тілінде берілуге тиісті

а қ п а р а т а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2 . А қ п а р а т т а :

1) темекі бұйымдарының құрамы, шайырлы заттары, никотині, сондай-ақ сапасы мен қауіпсіздік деңгейінің басқа да сипаттамалары туралы мәліметтер
б о л у ғ а т и і с ;

2) мемлекеттік стандарттарда көзделген өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

3. Темекі бұйымының атауы осы темекі бұйымын нақты және дұрыс сипаттауға, оны темекі бұйымдарының басқа түрлерінен ажыратуға мүмкіндік
б е р у ғ е т и і с .

4. Темекі бұйымдарының қорабында, қаптамасында темекі шегудің зияндығы туралы ескертпе жазулар болуға тиіс. Темекі бұйымдарын тұтынудың зияны туралы ескертудің мәтінін уәкілетті орган бекітеді . Темекі бұйымдарының әрбір қорабындағы, қаптамасындағы ескертпе жазулар мынадай талаптарға сай болуға:

1) жазу темекі бұйымдарының қорабы, қаптамасы көлемінің әрбір үлкен жағының кемінде отыз пайызын алуға;
(РҚАО-ның ескертуі: 4-тармақтың 1) тармақшасы 2004 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі (осы Заңның 12-бабын қараңыз);

2) жеңіл оқылуға және мәтіннің тұтастығы қамтамасыз етілетіндей болып о р н а л а с т ы р ы л у ғ а ;

3) жазу жылтыр орауыш пленкада немесе қандай да бір сыртқы орауыш м а т е р и а л д а б а с ы л м а у ғ а ;

4) уәкілетті орган бекітетін негізгі және қосымша ескертпе жазулардың б і р і н е н т ұ р у ғ а т и і с .

5. Темекі бұйымдарының қорабында, қаптамасында "Он сегіз жасқа толмағандарға сатуға тыйым салынады" деген мазмұнда жазу болуға тиіс.

6. Темекі шегудің зияны туралы білімнің насихатталуын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

(РҚАО-ның ескертуі: 5-бап, осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасын және 5-тармағын қоспағанда, 2003 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі (осы Заңның 12-бабын қараңыз);

(РҚАО-ның ескертуі: 5-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы және 5-тармағы 2004 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі (осы Заңның 12-бабын қараңыз) .

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен .

6-бап. Темекі бұйымдарындағы никотиннің, шайырлы заттардың және ингредиенттердің болуы туралы ақпарат

Өндіруші темекінің және темекі бұйымдарының барлық маркаларында никотиннің және шайырлы заттардың рұқсат етілетін шекті құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы, өткен он екі айда Қазақстан Республикасы аумағында өзі шығарған немесе шығаруды ниет еткен, сатқан немесе өзге де түрде таратқан темекі бұйымдарының ингредиенттері туралы есепті жыл сайын 1 ақпанға дейін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен табыс етіп отыруға міндетті.

(РҚАО-ның ескертуі: 6-бап 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі (осы Заңның 12-бабын қараңыз).

7-бап. Темекі бұйымдарындағы никотиннің және шайырлы заттардың болуын зерттеу мен оның рұқсат етілетін шекті деңгейі

1. Темекі бұйымдарын өндіруші темекі бұйымдарындағы никотиннің және шайырлы заттардың болуын зерттеуді өз есебінен, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелген зертханаларда жүргізеді.

2. Құрамындағы никотин және шайырлы заттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін рұқсат етілетін шекті деңгейден жоғары темекі бұйымдарын әкелуге, шығару мен сатуға тыйым салынады.

3-тарау. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖӘНЕ ТЕМЕКІ ШЕКПЕЙТІНДЕРДІ ТЕМЕКІ ТҮТІНІНІҢ ӘСЕРІНЕН ЖӘНЕ ТЕМЕКІ МЕН ТЕМЕКІ БҰЙЫМДАРЫН ПАЙДАЛАНЫЛУДАН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАЛАПТАР

8-бап. Темекі бұйымдарын сату

1. Темекі бұйымдарын:

1) он сегіз жасқа толмаған адамдарға сатуға және олардың сатуына;

2) ашық қораптардан немесе бір-бірлеп сатуға;

3) сатушының тікелей қатысуынсыз, сауда автоматтары, өзге де электрондық немесе механикалық қондырғылар арқылы;

4) денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының үйлерінде және аумақтарында, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт және спорттық-техникалық ғимараттарда, стадиондарда;

5) өнім сапасын растайтын тиісті құжаттарсыз;

6) акциз маркаларымен немесе есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаусыз;

7) егер сигарет қорабында 20 сигареттен кем болса;

8) шайырлы заттар мен никотиннің деңгейі туралы деректер қорапқа жазылмай;

9) темекі шегушіліктің зияны туралы қорапқа ескерту жазылмай сатуға тыйым салынады.

2. Темекі бұйымдарын сату жүзеге асырылатын орындардағы көрнекі жерде, касса аппаратында немесе оның жанында мынадай мазмұндағы: "Он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады" деген жазу, сондай-ақ темекі шегудің зияндығы туралы уәкілетті орган бекіткен ескерту орналастырылуға тиіс.

3. Темекі бұйымдарын сатуды жүзеге асыратын адамдар жас шамасы сырт келбетіне қарағанда он сегізден жасырақ көрінген азаматтарға темекі бұйымдарын сату кезінде:

1) сатып алушының шын мәніндегі жасын анықтау мақсатымен жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуін талап етуге;

2) егер жеке басын куәландыратын құжат көрсетілмеген жағдайда темекі бұйымдарын сатудан бас тартуға міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.06.19. N 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен .

9-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте темекі шегуге тыйым салу

1. Темекі шегуге :

1) білім беру ұйымдарында, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың демалуына арналған ұйымдарда ;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында ;

3) қоғамдық тамақтану орындарында ;

4) кинотеатрларда, театрларда, цирктерде, концерт, көру және көрме залдарында, спорт ареналарында және көпшілік демалуға арналған басқа да жабық фирматтарда ;

5) мұражайларда, кітапханаларда және лекторийлерде ;

6) жергілікті және алысқа қатынайтын поездардың, әуе, теңіз және өзен көлігі кемелерінің белгіленбеген орындарында, сондай-ақ қалалық, қалааралық автобустардың, маршруттық таксилердің және қалалық электр көлігінің салондарында ;

7) әуежайлардың, темір жол, автомобиль және су вокзалдарының фирматтарында ;

8) мемлекеттік органдарда, сондай-ақ басқа да ұйымдарда тыйым салынады.

2. Темекі шегу үшін арнайы жабдықталған орындар бөлінген жағдайда, осы баптың 1-тармағының 3), 6), 7) тармақшаларында көзделген нормалар қолданылмайды .

3. Жұмыс берушілер темекі шегу үшін арнайы орындар бөлуге, әжетхана бөлмелерінде және осы мақсаттарға арналмаған үй-жайларда темекі шегуге тыйым салуға міндетті .

4. Темекі шегу үшін арнайы бөлінген орындар санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталуға тиіс.

(РҚАО-ның ескертуі: 9-бап 2003 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі (осы Заңның 12-бабын қараңыз).

4-тарау. ТЕМЕКІ ШЕГУШІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕКТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

10-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган темекі шегудің алдын алу және оны шектеу саласындағы қызметті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу саласындағы мемлекеттік бақылауды өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

4. Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу саласында қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасай алады.

11-бап. Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғандық үшін жауаптылық

Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттар талаптарына сай келмейтін темекі бұйымдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тәркіленуге және жойылуға тиіс.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, бұған мына баптар қосылмайды:

1) 4-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы 2004 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі;

2) 4-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы 2003 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі;

3) 5-бап, осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасын және 5-тармағын қоспағанда, 2003 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі;

4) 5-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы және 5-тармағы 2004 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі;

5) 6-бап 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі;

6) 9-бап 2003 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК